БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

BULANDY AQPARAT

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 45 (547)
13.11.2026

ӨҢІР МЕН АУДАННЫҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ



Өткен аптада Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жұмыс сапарымен Бұланды ауданына келді. Сапар барысында өңір басшысы Макинск қаласында жуырда ресми түрде ашылған жаңа экологиялық саябақтың жұмысымен танысып, абаттандыру жұмыстарының нәтижесін көрді. Одан кейін ауданның басты мәдени ошағы - аудандық Мәдениет үйінде облыс әкімі мен бұландылықтардың кездесуі өз мәресіне жетті.

Ашық әрі еркін форматта ұйымдастырылған кездесуде өңір мен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, жүзеге асырылып жатқан жобалар, алдағы жоспарлар мен өзекті мәселелер кеңінен талқыланды. Әңгіме барысында атқарылған жұмыстардың нәтижелері сараланып қана қоймай, алдағы кезеңде назар аударуды қажет ететін басым бағыттар да айқындалды.

Инфрақұрылым мен тұрғындардың тұрмыс сапасы - басты назарда

Кездесу барысында облыс әкімі ауданның инфрақұрылымдық дамуындағы маңызды бағыттардың бірі - елді мекендерді газдандыру мәселесіне тоқталды. Бүгінде Бұланды ауданы бойынша 35 елді мекенді газбен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұл - ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға, елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымын жаңартуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі.



Тұрғын үй құрылысы саласында да бірқатар оң өзгерістер бар. Ауданда 160 пәтердің кілті иелеріне табысталған. Бұл бағыттағы жұмысты жүйелі жалғастырып, тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды баспанамен қамту мәселесін назардан тыс қалдырмау қажеттігі айтылды.



Абаттандыру және қоғамдық кеңістіктерді дамыту бағытында да атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Әсіресе, Макинск қаласында жаңадан ашылған экологиялық саябақтың келбеті мен инфрақұрылымына өңір басшысы оң бағасын берді. Қала тұрғындары үшін қолайлы демалыс орнын қалыптастыру – елді мекеннің көркін арттырып қана қоймай, халықтың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін маңызды қадам.



Су шаруашылығы мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Облыс әкімі ағынды суларды басқару, оларды қоршаған ортаға бақылаусыз жібермей, мүмкіндігінше ауыл шаруашылығы мақсатында тиімді пайдалану қажеттігін атап өтті. Осы ретте судың әр тамшысын ұтымды пайдалану, су ресурстарын сақтау және тиімді басқару маңызды екені айтылды. Сонымен қатар Прохоровская-Колоколовская бөгетін жөндеу мәселесін шешу қажеттігіне ерекше назар аударылды.



Қыс мезгіліндегі коммуналдық қызметтердің жұмысына қатысты да нақты міндеттер қойылды. Қар жауған кезеңде жолдарды уақтылы тазалау, жиналған қарды елді мекендерден уақытында шығару, тұрғындардың қауіпсіз әрі кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ету - жергілікті атқарушы биліктің тұрақты бақылауында болуы тиіс. Облыс әкімі табиғи құбылыстарды сылтау етіп, қол қусырып отыруға болмайтынын, кез келген жағдайға алдын ала дайындалып, жауапкершілікпен әрекет ету қажеттігін жеткізді.

Ақмола өңірін газдандыру - ауқымды әрі стратегиялық маңызы бар жоба

Ақмола облысын табиғи газбен қамту - өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басым бағыттардың бірі. Бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Облыс әкімдігінің мәліметінше, алдағы үш жылда өңірдегі 337 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта облыстың 26 елді мекеніндегі 226 мың тұрғын көгілдір отынға қол жеткізген. Бұл өңір халқының шамамен 29 пайызын құрайды.

Аталған ауқымды жобаның негізгі тірегі – «Ишим - Астана» магистральдық газ құбырының құрылысы. Жоба аясында Көкшетау қаласына, сондай-ақ Шортанды, Аққөл, Бұланды, Бурабай және Зеренді аудандарына табиғи газ жеткізу көзделген. Ұзындығы 330 шақырымнан асатын «Астана - Көкшетау» магистральдық газ құбырының құрылысын 2027-2028 жылдары бастау, ал нысанды 2029 жылдың соңында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Алдын ала есептеулер бойынша, жоба аясында 120 мыңнан астам абонентті қосу мүмкіндігі қарастырылған. Газбен қамтылатын әлеуетті тұтынушылар саны 480 мыңнан асады. Сонымен қатар табиғи газға 56 қазандықты, 301 мектепті, 16 ауруханаларды және әлеуметтік-мәдени саладағы өзге де 328 нысанды көшіру жоспарланған. Бұл бастама тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартып қана қоймай, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға, экологиялық ахуалды жақсартуға және өңірдің өндірістік әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы үлкен жобаның аясында Бұланды ауданы бойынша да 35 елді мекенді газдандыру көзделіп отыр. Бұл - аудан тұрғындары көптен күткен маңызды жаңалықтардың бірі. Алдағы міндет - жобалық құжаттамаларды әзірлеу, қажетті инфрақұрылымды дайындау және газ тарату желілерін тарту жұмыстарын үйлестіру.

Ауыл шаруашылығы - аудан экономикасының негізгі тірегі

Бұланды ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында ауыл шаруашылығы саласының орны ерекше. Бұл бағытта аудан өңірдегі жетекші орындардың бірін иеленіп келеді. Ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары тұрақты жұмыс істеп, өндірісте заманауи технологиялар мен озық тәсілдер кеңінен қолданылуда.

Әсіресе, өсімдік шаруашылығындағы нәтижелер ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Биылғы жылдың ауа-райының ерекшелігін ескере отыра, егін орағы науқанының қорытындысы бойынша аудан диқандары әр гектардан 14 центнерден астам астық жинады. Сонымен қатар сапасы мен құндылығы жоғары өнім алуға қол жеткізілді. Бұл - шаруалардың маусым бойы атқарған тынымсыз еңбегінің, өндірістік үдерістерге заманауи технологияларды енгізудің нәтижесі.

Ауданда өсімдік шаруашылығымен қатар құс шаруашылығы да жақсы дамып келеді. Дегенмен облыс әкімі алдағы уақытта мал шаруашылығын дамытуға айрықша көңіл бөлу қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағытта кәсіпкерлерді тарту, мал өсіруге қолайлы жағдай жасау, өндірістік қуаттарды кеңейту және мал шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыру мәселелері жүйелі түрде қарастырылуы керек.

Сондай-ақ, құс еті өндірісін одан әрі дамытуға мүмкіндік мол екені айтылды. Қазіргі таңда әлемдік нарықта құс етіне сұраныс жоғары. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ауданның өндірістік әлеуетін арттыру, жаңа жобаларды іске асыру және өнімді өткізу нарықтарын кеңейту маңызды.

(Жалғасы 2 бетте).

ӨҢІР МЕН АУДАННЫҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

(Жалғасы, басы 1 бетте).

Жалпы, ауданның ауыл шаруашылығы саласында қалыптасқан әлеуеті ауқымды. Ендігі міндет - қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, өндірісті әртараптандыру, жаңа бағыттарды дамыту және еңбек өнімділігін арттыру.

Еңбек, білім және жаңа технологиялар

Кездесу барысында өңір басшысы ауданның болашақтағы даму мүмкіндіктеріне де кеңінен тоқталды. Қазіргі заман талаптарына сай еңбек өнімділігін арттыру, білім мен ғылымның жетістіктерін өндіріске енгізу, озық технологияларды пайдалану, жасанды интеллект мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігі айтылды.

Бүгінде кез келген саланың бәсекеге қабілеттілігі жаңа технологияларды қаншалықты тиімді меңгеріп, тәжірибеге енгізе алуына тікелей байланысты. Сондықтан аудан кәсіпорындары мен шаруашылықтары заман талабына сай жаңарып, жаңа мүмкіндіктерді игеруге ұмтылуы тиіс. Облыс әкімі Бұланды ауданында мұндай даму үшін қажетті әлеует пен мүмкіндік жеткілікті екенін атап өтіп, алға қарай батыл қадам жасау қажеттігін жеткізді.

Тұрғындар пікірі - ашық диалогтың маңызды бөлігі

Кездесу барысында аудан тұрғындары да сөз алып, өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды. Еңбек адаргері, аудандық ардагерлер қозғалысының белсенді мүшесі Байболат Бүткей өңір мен ауданда жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік саясат пен бастамаларды қолдайтынын білдіріп, атқарылып жатқан жұмыстарға қатысты пікірін жеткізді.

Ал аудандық Ақасақалдар кеңесінің төрағасы, мәслихат ардагері Шахман Құсайынов сөз сөйлеп, ауданның бірқатар елді мекендері мен шағын аудандарында жүзеге асырылып жатқан оң өзгерістерге тоқталды.

Атап айтқанда, Тас карьері кенті мен Заводской шағын ауданында атқарылған жұмыстарға назар аударып, орталық жылу жүйесіне қосылған тұрғын үйлердің тұрғындары атынан алғысын білдірді. Сондай-ақ ауданда тұрғын үй бөлу жұмыстарының қарқын алғанын атап өтіп, бұл бастаманы аға буын өкілдері де қолдайтынын жеткізді. Бұған қоса, Вознесенка ауылында жаңа мәдениет ошағының бой көтеруі мен Макинск қаласында заманауи саябақтың ашылуы ауыл тұрғындары үшін де, қала халқы үшін де маңызды оқиғалар болғанын айтты. Ақсақал аудан өміріндегі осындай оң өзгерістерге халықтың ризашылығын жеткізіп, игі бастамалардың жалғасын табуына тілектестігін білдірді.

Бастысы - жүйелі жұмыс пен ортақ жауапкершілік

Кездесуді қорытындылаған облыс әкімі Марат Ахметжанов өмір болған соң түрлі мәселе мен қиындықтардың кездесуі заңдылық екенін атап өтті. Алайда әрбір мәселенің қозғалып, шешімін табуға бағытталған жұмыстың жүргізілуі - алға қойылған мақсаттарға қарай жасалған қадам. Ең бастысы, негізгі басымдықтардан ауытқымай, белгіленген міндеттердің орындалуын тұрақты бақылауда ұстау қажет.

Өңір басшысы халық пен билік арасындағы өзара түсіністік пен сенімнің, ашық пікір алмасудың маңыздылығына да тоқталды. Тұрғындардың ұсыныстары мен өтініштерін тыңдау, өзекті мәселелерді бірлесе талқылау және олардың шешілу барысын бақылау – тиімді басқарудың маңызды тетіктерінің бірі.

Жалпы, Бұланды ауданындағы кездесу конструктивті әрі мазмұнды жағдайда өтті. Басқосу барысында ауданның жетістіктері мен жүзеге асқан жобалары кеңінен сөз болып, сонымен бірге алда атқарылар жұмыстардың ауқымы да айқындалды.

Газдандыру, тұрғын үймен қамту, абаттандыру, су шаруашылығы, ауыл шаруашылығын дамыту, жаңа өндірістік мүмкіндіктерді игеру – мұның барлығы ауданның алдағы даму бағдарындағы маңызды бағыттар. Қол жеткізілген нәтижелер бар, қалыптасқан әлеует те жеткілікті. Ендігі міндет – басталған істерді жүйелі жалғастырып, жоспарланған жобаларды нақты нәтижеге жеткізу.

Өйткені ауданның дамуы - тек инфрақұрылымдық нысандардың бой көтеруімен немесе өндіріс көрсеткіштерінің өсуімен ғана өлшенбейді. Ең басты көрсеткіш - тұрғындардың өмір сүру сапасының жақсаруы, ауылдар мен қалалардың көркеюі, жаңа мүмкіндіктердің ашылуы және әрбір азаматтың ертеңгі күнге деген сенімінің артуы.

Ал мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін билік пен қоғамның өзара байланысы, ортақ жауапкершілігі мен жүйелі еңбегі әрдайым маңызды.

ДОСТИЖЕНИЯ, ПОТЕНЦИАЛ И ДАЛЬНЕЙШИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

На прошлой неделе аким Акмолинской области Марат Ахметжанов посетил Буландынский район с рабочей поездкой. В ходе визита глава региона ознакомился с новым экологическим парком, недавно официально открывшимся в городе Макинске, оценил результаты работ по благоустройству и развитие общественного пространства. Затем в главном культурном учреждении района - районном Доме культуры - состоялась встреча акима области с жителями района.

Встреча прошла в открытом и свободном формате. В ходе конструктивного диалога были подробно рассмотрены вопросы социально-экономического развития региона и района, реализуемые проекты, перспективные планы, а также актуальные проблемы, требующие особого внимания. Наряду с обсуждением достигнутых результатов были обозначены приоритетные задачи на предстоящий период.

Инфраструктура и качество жизни населения – в центре внимания

Одной из важных тем встречи стал вопрос газификации населённых пунктов района. На сегодняшний день в Буландынском районе планируется обеспечить природным газом 35 населённых пунктов. Это одна из значимых инициатив, направленных на повышение качества жизни сельских жителей и развитие инженерной инфраструктуры.

В сфере жилищного строительства также отмечаются положительные изменения. В районе уже вручены ключи от 160 квартир. Было отмечено, что работу в данном направлении необходимо последовательно продолжать, уделяя особое внимание обеспечению жильём граждан, нуждающихся в улучшении жилищных условий.

Отдельное внимание было уделено благоустройству и развитию общественных пространств. Глава региона положительно оценил внешний облик и инфраструктуру нового экологического парка в Макинске. Создание комфортного места отдыха для горожан не только преображает населённый пункт, но и предоставляет жителям дополнительные возможности для организации досуга.

Не остался без внимания и вопрос водного хозяйства. Аким области подчеркнул необходимость эффективного управления сточными водами, недопущения их бесконтрольного сброса в окружающую среду и рассмотрения возможностей их рационального использования в сельскохозяйственных целях. В этой связи особую значимость приобретает бережное отношение к водным ресурсам и их эффективное использование. Кроме того, была обозначена необходимость решения вопроса ремонта Прохоровско-Колокольновской плотины.

Конкретные задачи были поставлены и в отношении работы коммунальных служб в зимний период. Своевременная очистка дорог от снега, вывоз снежных масс за пределы населённых пунктов, обеспечение безопасного и беспрепятственного передвижения жителей должны находиться на постоянном контроле местных исполнительных органов. Глава региона подчеркнул, что нельзя оставаться в стороне, ссылаясь на природные явления. Необходимо заранее готовиться к возможным погодным условиям и ответственно подходить к решению возникающих вопросов.

Газификация Акмолинской области - масштабный проект стратегического значения

Обеспечение Акмолинской области природным газом является одним из приоритетных направлений социально-экономического развития региона. Работа в этом направлении ведётся поэтапно. По информации акимата области, в течение ближайших трёх лет планируется обеспечить природным газом 337 населённых пунктов региона. На сегодняшний день голубое топливо уже доступно жителям 26 населённых пунктов, где проживают 226 тысяч человек. Это составляет около 29 процентов населения области.

Основой масштабного проекта станет строительство магистрального газопровода «Ишим – Астана». В рамках проекта предусмотрена подача природного газа в город Кокшетау, а также в Шортандинский, Аккольский, Буландынский, Бурабайский и Зерендинский районы. Строительство магистрального газопровода «Астана – Кокшетау» протяжённостью более 330 километров планируется начать в 2027–2028 годах, а ввод объекта в эксплуатацию намечен на конец 2029 года.

По предварительным расчётам, реализация проекта позволит подключить более 120 тысяч абонентов. Потенциальное количество потребителей природного газа превысит 480 тысяч человек. Кроме того, планируется перевести на газовое отопление 56 котельных, 301 школу, 16 больниц и ещё 328 объектов социально-культурной сферы.

Реализация данной инициативы позволит не только улучшить условия жизни населения, но и модернизировать коммунальную инфраструктуру, улучшить экологическую обстановку и повысить производственный потенциал региона.

В рамках этого масштабного проекта предусмотрена также газификация 35 населённых пунктов Буландынского района. Это одна из важных и долгожданных перспектив для жителей района. В числе предстоящих задач – разработка проектной документации, подготовка необходимой инфраструктуры и координация работ по строительству распределительных газовых сетей.

Сельское хозяйство - основа экономики района

Особое место в социально-экономическом развитии Буландынского района занимает сельское хозяйство. По данному направлению район входит в число лидеров области. Здесь успешно работают крупные сельскохозяйственные предприятия, а в производственные процессы активно внедряются современные технологии и передовые методы ведения хозяйства.

Особенно заметны результаты в растениеводстве. По итогам нынешней уборочной кампании земледельцы района собрали более 14 центнеров зерна с каждого гектара, с учетом климатических условий этого года. Кроме того, удалось получить продукцию высокого качества и с хорошими показателями зерновой ценности. Это результат кропотливого труда аграриев на протяжении всего сельскохозяйственного сезона, а также внедрения современных технологий в производственные процессы.

Наряду с растениеводством в районе успешно развивается и птицеводство. Вместе с тем глава региона подчеркнул необходимость уделять особое внимание дальнейшему развитию животноводства. По его словам, в этом направлении важно создавать благоприятные условия для выращивания скота, привлекать предпринимателей, расширять производственные мощности и увеличивать объёмы выпуска животноводческой продукции.

Также были отмечены значительные перспективы дальнейшего развития производства мяса птицы. Сегодня этот продукт пользуется высоким спросом на мировом рынке. Важно эффективно использовать имеющиеся возможности, наращивать производственный потенциал района, реализовывать новые проекты и расширять рынки сбыта продукции.

В целом аграрный сектор Буландынского района обладает значительным потенциалом. Главная задача на перспективу - рационально использовать имеющиеся ресурсы, диверсифицировать производство, развивать новые направления и повышать производительность труда.

Путь развития - труд, образование и современные технологии

В ходе встречи глава региона также подробно остановился на перспективах дальнейшего развития района. В современных условиях особую актуальность приобретают повышение производительности труда, внедрение достижений науки и образования в производство, использование передовых технологий и изучение возможностей искусственного интеллекта.

Сегодня конкурентоспособность любой отрасли во многом зависит от того, насколько эффективно осваиваются и внедряются в практику новые технологии. Поэтому предприятия и сельскохозяйственные хозяйства района должны идти в ногу со временем, модернизировать производственные процессы и стремиться к освоению новых возможностей.

Аким области отметил, что в Буландынском районе имеется необходимый потенциал для дальнейшего развития, и подчеркнул важность движения вперёд, поиска новых решений и использования имеющихся возможностей.

Мнение жителей - важная часть открытого диалога

В ходе встречи возможность выступить получили и жители района, которые поделились своими мнениями, предложениями и оценками происходящих изменений.

Ветеран труда, активный член ветеранского движения Байболат Буткей выразил поддержку государственной политике и инициативам, реализуемым в регионе и районе, а также поделился своим мнением о проводимой работе.

Председатель районного Совета аксакалов, ветеран районного маслихата Шахман Кусаинов в своём выступлении остановился на положительных изменениях, происходящих в отдельных населённых пунктах и микрорайонах района. В частности, он отметил работу, проведённую в посёлке Каменный Карьер и микрорайоне Заводской. От имени жителей многоквартирных домов, подключённых к центральной системе отопления, он выразил благодарность за проделанную работу. Также он подчеркнул, что в районе активизировался процесс распределения жилья, и от имени представителей старшего поколения выразил признательность за внимание к решению жилищного вопроса. Кроме того, он отметил строительство нового очага культуры в селе Вознесенка и открытие современного парка в городе Макинске. По его словам, такие изменения имеют большое значение как для сельских жителей, так и для горожан. В завершение выступления аксакал передал слова благодарности жителей и выразил надежду на дальнейшее продолжение позитивных преобразований.

Главное - системная работа и общая ответственность

Подводя итоги встречи, аким области Марат Ахметжанов отметил, что в процессе развития неизбежно возникают различные вопросы и трудности. Однако сама постановка проблем и работа, направленная на их решение, являются частью движения вперёд и достижения поставленных целей. Самое главное - не отходить от определённых приоритетов и держать на постоянном контроле выполнение намеченных задач.

Глава региона также подчеркнул важность взаимопонимания и доверия между властью и населением, а также необходимость поддерживать постоянный открытый диалог. Выслушивание предложений и обращений жителей, совместное обсуждение актуальных вопросов и контроль за ходом их решения являются важными составляющими эффективной работы.

В целом встреча в районе прошла в конструктивной и содержательной атмосфере. В ходе диалога были подробно рассмотрены достижения района и реализованные проекты, а также обозначен широкий круг задач, которые предстоит решить в дальнейшем.

Газификация, обеспечение жильём, благоустройство, развитие водного хозяйства, сельского хозяйства и освоение новых производственных возможностей - всё это важнейшие направления дальнейшего развития района. Уже есть определённые результаты, сформирован и необходимый потенциал. Теперь главная задача - последовательно продолжать начатую работу и доводить запланированные проекты до конкретных результатов.

Ведь развитие района измеряется не только количеством построенных инфраструктурных объектов или ростом производственных показателей. Самым важным результатом остаётся повышение качества жизни населения, благоустройство городов и сёл, создание новых возможностей и укрепление уверенности каждого жителя в завтрашнем дне.

И для достижения этих целей неизменно важны взаимодействие власти и общества, общая ответственность и системная работа.

А. АМАНЖОЛОВА.

Фото из официального сайта акима Акмолинской области.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ЛЕГІ

Лайықты марапат

Қазақстан Республикасы күні мерекесі аясында Ақмола облысы әкімінің Алғыс хатымен Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығының еріктісі Диана Васильевна Пашина марапатталды.

Бұл марапат оның белсенді азаматтық ұстанымын, жанқиярлық еңбегін және еріктілер қозғалысының дамуына қосқан үлесін мойындау болып табылады.

Диана Васильевнаны лайықты марапатымен құттықтаймыз! Сізге одан әрі табыс, сарқылмас қуат, жаңа жетістіктер мен амандық тілейміз!

Қазақстанның болашағы үшін бірге игі істер жасаймыз!

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.





Білімді ұрпақ – ел болашағы: жаңа Конституциядағы білім мен ғылым құндылығы



Білімді ұрпақ тәрбиелеу, ғылым мен инновацияны дамыту – кез келген мемлекеттің жарқын болашағын айқындайтын басты факторлардың бірі. Себебі елдің ертеңі бүгінгі жас буынның біліміне, біліктілігіне, ізденісі мен талпынысына тікелей байланысты. Осы орайда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында білім, ғылым және инновация құндылықтарына айрықша мән берілуі – уақыт талабынан туындаған маңызды қадам.

Жаңа Ата Заңның 3-бабында білім, прогресс және еңбексүйгіштік құндылықтарын орнықтыру, адам капиталын, білімді, ғылымды және инновацияны дамыту мемлекеттің стратегиялық бағыты ретінде айқындалған. Ал 33-бапта азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында ақысыз орта білім алуына кепілдік беріліп, жоғары білім алу құқығы бекітілген.

Бұл қағидаттардың түпкі мәні – әрбір жасқа сапалы білім алып, өз қабілетін дамытуға, қоғамға және мемлекетке пайдасын тигізуге мүмкіндік беру. Бүгінде ауыл мектебінде білім алып, түрлі салада биік белестерді бағындырып жүрген жас өрендеріміз осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып келеді.

Бұланды ауданында да білім мен өнерді, спорт пен ғылымды қатар алып жүрген, өз жетістіктерімен аудан абыройын асқақтатып жүрген оқушылар аз емес. Олардың әрқайсысының жетістік жолы – табандылықтың, үздіксіз ізденістің және мақсатқа деген адалдықтың үлгісі.

* * *

Никольское ауылының жас спортшысы Алексей Пеньковский – аудан мақтанышына айналған өрендердің бірі. 2011 жылы дүниеге келген Алексей бүгінде Никольское ауылының №2 жалпы білім беретін мектебінің 10-сыныбында оқиды. Шаңғы жарысымен жүйелі түрде айналысып келе жатқан жас спортшы өзінің табандылығы мен тынымсыз еңбегінің арқасында облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Алексей – шаңғы жарысынан Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткері, Қазақстан Республикасының чемпионы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кубогының жеңімпазы. Бұдан бөлек, облыстық және республикалық жарыстардың бірнеше дүркін чемпионы әрі жүлдегері атанған. Жас спортшы Қазақстан Республикасының жасөспірімдер құрамасының резервтік құрамына да енгізілген.

Өзінің туған ауданы мен Ақмола облысының намысын түрлі деңгейдегі жарыстарда абыроймен қорғап жүрген Алексей алдағы уақытта да спорттық шеберлігін шыңдап, жаңа белестерді бағындыруды мақсат етеді. Оның жетістіктері жас ұрпаққа табандылық пен еңбекқорлықтың қандай нәтижеге жеткізетінін көрсетеді.

* * *

Макинск қаласындағы мектеп-гимназияның 11-сынып оқушысы Максим Власовтың қызығушылығы нақты ғылымдармен, әсіресе физика пәнімен тығыз байланысты. 2008 жылғы 11 тамызда дүниеге келген Максим мектеп қабырғасында жүріп-ақ ғылыми ізденіске ден қойып, түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен зерттеу жобаларына белсенді қатысып келеді.

2024 жылы физика пәнінен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде бірінші орын иеленіп, облыстық кезеңде грамотамен марапатталды. Сол жылы 8–11-сынып оқушылары арасында өткізілген ғылыми жобалар конкурсында «Тұздылық деңгейі әртүрлі топырақ арқылы электр энергиясын алу» тақырыбындағы зерттеу жұмысымен облыстық кезеңде бірінші орынға ие болды. Республикалық кезеңде, Ақтөбе қаласында, өзінің жобасының тәжірибелік маңыздылығын көрсетті.

Ізденімпаз оқушы 2025 жылы да ғылыми жұмысын жалғастырып, «Электромагниттік индукция құбылысы негізінде генератор жасау» тақырыбындағы жобасымен облыстық кезеңде екінші орын алды. Физика пәнінен өткізілген іріктеу тестілеуінде үздік нәтиже көрсетіп, Астана қаласында өткен республикалық кезеңге жолдама алды. Онда да өз білімін дәлелдеп, грамотаға ие болды.

Болашақта физик мамандығын меңгеруді мақсат еткен Максимнің ғылыми ізденістері – жас буынның зерттеушілік қабілетін дамытып, ғылымға деген қызығушылығын арттырудың жарқын көрінісі.

* * *

Партизанка ауылының тағы бір дарынды оқушысы – Жанқабыл Шақубаев. 2009 жылғы 1 мамырда дүниеге келген ол бүгінде Партизанка ауылының жалпы білім беретін мектебінің 11-сыныбында білім алуда.

Жанқабылдың ерекше қызығушылығы – география ғылымы. Ол пәндік олимпиадаларға жүйелі дайындалып, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарда бірнеше мәрте жеңімпаз әрі жүлдегер атанды.

Оның жетістіктерінің ішіндегі ең айтулыларының бірі – республикалық ауыл олимпиадасының география пәні бойынша өткен кезеңінде бірінші және екінші орындарды иеленуі. 2025 жылы география пәнінен республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Сонымен қатар оныншы сыныпта оқып жүрген кезінде ғылыми жобалар конкурсында зерттеу жұмысы бойынша облыстық деңгейде екінші орынға ие болды.

Жанқабылдың жетістіктері – білімге деген құштарлықтың, жүйелі дайындық пен табандылықтың нәтижесі. Оның ұстазы әрі анасы Инна Владимировна Шакубаева да Партизанка ауылының жалпы білім беретін мектебінде еңбек етеді. Отбасындағы білім мен ізденіске деген құрмет жас өреннің қалыптасуына оң ықпал етіп отырғаны сөзсіз.

* * *

Білім мен ғылыммен қатар, ұлттық мәдениет пен өнерді дамыту да өскелең ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алады. Осы бағытта өз қабілетімен танылып жүрген жас таланттардың бірі – Мұрат Әлім.

2013 жылғы 2 сәуірде Макинск қаласында дүниеге келген Мұрат бүгінде Бұланды ауданының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің 8-сынып оқушысы.

Ол мектептің және ауданның шығармашылық, қоғамдық өміріне белсенді араласып, түрлі концерттерде, мерекелік іс-шараларда, облыстық байқауларда өнер көрсетіп келеді. Сахна мәдениеті, орындаушылық шеберлігі мен шығармашылық ізденісі қатарластарының арасынан ерекшеленуіне мүмкіндік беріп отыр.

Жас күйшінің таланты республикалық деңгейде де жоғары бағаланды. 2026 жылғы 17 наурызда Көкшетау қаласында өткен «Сөз бен саз» республикалық байқауында «Жас күйші» номинациясы бойынша екінші орын иеленді.

Бұл – ұлттық өнерге деген құрмет пен дәстүрлі музыканы жас ұрпақ арасында дәріптеудің жарқын үлгісі. Мұраттың жетістігі төл мәдениетіміздің болашағы жас ұрпақтың қолында екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

* * *

Ал төртінші сыныпта оқитын Алдияр Ермек те өзінің жан-жақты қабілетімен көпшіліктің назарын аударып келеді. 2017 жылғы 1 наурызда дүниеге келген ол Макинск қаласындағы №2 жалпы білім беретін мектептің 4 «Б» сыныбында оқиды.

Алдиярдың өнерге деген қызығушылығы мен вокалдық қабілеті республикалық деңгейдегі байқауларда жоғары бағаланып жүр. Ол Көкшетау қаласында өткен XVIII республикалық «ИМПУЛЬС» байқауында «Вокал» номинациясы бойынша Гран-при иеленді. 2025 және 2026 жылдары Астана қаласында ұйымдастырылған «DOSSTAR FEST» республикалық вокалдық конкурсында екі жыл қатарынан Гран-при жеңіп алды. Сондай-ақ 2025 жылы Көкшетау қаласында өткен «JAS STAR» I облыстық фестивалінде бас жүлдеге ие болды.

2026 жылы Астанада өткен «ALASH STAR» республикалық вокалдық байқауында тағы да Гран-при иеленіп, Түркияға жолдама алды. Ал 14 қазанда өткен «ЖАСТАР» республикалық вокалдық байқауындағы өнері Алматы қаласына шақырту алуына негіз болды. Қазіргі таңда жас өнерпаз 14–15 қараша күндері Алматыда өтетін өнер додасына дайындық үстінде.

Бір қызығы, Алдиярдың қабілеті тек ән өнерімен шектелмейді. Ол мектептегі пәндік олимпиадаларға да белсенді қатысады. 2025 жылы «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының мектепішілік кезеңінде бірінші орын, облыстық кезеңінде екінші орын иеленді. Ал 2026 жылы осы олимпиадада Гран-при жеңіп алып, облыстық кезеңге дайындалып жатыр.

Жас өнерпаздың бойындағы өнер мен білімге деген құштарлық, ізденіс пен талпыныс оның болашақта да талай биікті бағындыруына негіз болары сөзсіз.

* * *

Аталған оқушылардың жетістіктеріне назар аударсақ, олардың әрқайсысы әртүрлі бағытта дамып, өз қабілетін шыңдап келеді. Бірі спортта ел намысын қорғап жүрсе, екіншісі ғылымға ден қойып, зерттеу жұмыстарымен айналысады. Тағы бірі география пәнінен білімін тереңдетіп, республикалық олимпиадаларда топ жарып жүр. Ал өнерлі өрендер ұлттық мәдениетті дәріптеп, вокалдық және орындаушылық шеберліктерімен танылуда.

Олардың барлығын біріктіретін ортақ қасиет – мақсатқа ұмтылу, еңбектену, іздену және өз мүмкіндіктерін дамытуға деген құлшыныс.

Әрине, мұндай жетістіктердің артында оқушылардың жеке талпынысымен қатар, ұстаздардың кәсіби еңбегі, ата-аналардың қолдауы, мектеп ұжымдарының жүйелі жұмысы мен балаларға жасалып отырған жағдайлар тұр. Сондықтан жас дарындарды қолдау, олардың қабілетін ерте анықтап, дамытуға мүмкіндік жасау – білім беру саласының маңызды міндеттерінің бірі.

Жаңа Конституцияда білім мен ғылымның стратегиялық маңызға ие болуы да осы мақсаттармен үндеседі. Өйткені білімді, бәсекеге қабілетті, жаңашыл ойлайтын ұрпақ – елдің зияткерлік әлеуеті мен экономикалық дамуының басты тірегі.

Бұланды ауданының мектептерінде білім алып жүрген осындай дарынды балалардың жетістіктері ауыл мектебінің де үлкен мүмкіндіктерге жол аша алатынын көрсетеді. Ең бастысы – әрбір жасқа өз қабілетін танытуға мүмкіндік беріп, оның арманына жетуіне қолдау көрсету.

А. АМАНЖОЛОВА.



Глухова Анжела Валерьевна

№ 9 сайлау округі бойынша Ақмола облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттың сайлауалды бағдарламасы

Мен, Глухова Анжела Валерьевна 1983 жылы 2 наурызда Солтүстік- Қазақстан облысы Ш.Уәлиханов ауданында дүниеге келдім. Білімім- жоғары, Көкшетау қаласындағы А.Мырзахметов атындағы университетін «Бастауыш оқыту педагогикасы» мамандығы бойынша бітірдім. Қазіргі уақытта «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің Снежинка балабақшасы» КММ тәрбиеші қызметін атқарудамын.

Бағдарламамның негізгі бағыттары:

- аудандық және ауылдық бюджеттерді қаржыландырудың қосымша көздерін іздеу;
- әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін жергілікті атқарушы органдармен және шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларымен, кәсіпкерлермен жұмыс жүргізу;
- жастардың мәселелерін шешу, сондай-ақ жастарды спортқа тарту;
- елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау;
- Қарт адамдарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету.

Басып шығарған: «BULANDY MEDIA» ЖШС-де. Мекенжайы: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қ., Сейфуллин к-сі, 18Б. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс беруші: А. В. Глухова. Ақмола облыстық мәслихат депутаттығына кандидат. Қазақстан Республикасы мәслихат депутаттарын сайлау боыйнша республикалық бюджет қаражатынан төленді.

Предвыборная программа на кандидата в депутаты Акмолинского областного маслихата по избирательному округу № 9

Я, Глухова Анжела Валерьевна, родилась 2 марта 1983 года в Уалихановском районе Северо-Казахстанской области. Образование высшее, окончила Кокшетауский университет им.А.Мырзахметова по специальности «Преподаватель начального обучения». В настоящее время воспитатель ГККП «Ясли-сад «Снежинка» города Макинск при отделе образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области.

Основные направления программы:

- поиск дополнительных источников финансирования районных и сельских бюджетов;
- работа с местными исполнительными органами и руководителями хозяйствующих субъектов, предпринимателями по решению социально-экономических вопросов;
- решение проблем молодежи, а также вовлечение молодежи к занятию спортом;
- благоустройство, озеленение и санитарная очистка населенных пунктов;
- оказание помощи людям старшего поколения, лицам с инвалидностью.

Отпечатано: ТОО «BULANDY MEDIA». Адрес: Акмолинская область, Буландынский район, г.Макинск, ул.Сейфуллина,18Б. Тираж 1000 экз. Заказчик: Кандидат в депутаты Акмолинского областного маслихата А. В. Глухова. Оплачено из средств республиканского бюджета на выборах депутатов маслихатов Республики Казахстан.



Жүсіпова Айнагүл Көпейқызы

№ 9 сайлау округі бойынша Ақмола облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттың сайлауалды бағдарламасы

Мен, Жүсіпова Айнагүл Көпейқызы, 1970 жылы 21 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Қызылту ауданы Амангелді кеңшарында дүниеге келдім. Білімім – жоғары, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін «Кітапханатану және библиография» мамандығы бойынша бітірдім. Бұланды аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ меңгерушісі қызметін атқарамын.

Облысымыздың мәселелерін шешуге бар күшімді саламын. Ал мен мұны Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында жасай аламын!

Заңнама аясында және өз құзыретім шегінде азаматтардың мүддесін қорғауды өз міндетім деп санаймын.

Бағдарламаның негізгі бағыттары:

- Зейнеткерлерге, көп балалы және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету;
- ауыл тұрғындарының мәселелерін шешу үшін кәсіпкерлік субъектілерімен, кәсіпкерлермен жұмыс жасау;
- оқушылар мен жұмысшы жастар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу;
- ауылдағы жастардың проблемалық мәселелерін шешу;
- жазғы және қысқы кезеңдерде жолдарды ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау;
- елді мекендерді абаттандыру;
- кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу.

Басып шығарған: «BULANDY MEDIA» ЖШС-де. Мекенжайы: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қ., Сейфуллин к-сі, 18Б. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс беруші: А. К. Жүсіпова. Ақмола облыстық мәслихат депутаттығына кандидат. Қазақстан Республикасы мәслихат депутаттарын сайлау боыйнша республикалық бюджет қаражатынан төленді.

Предвыборная программа кандидата в депутаты Акмолинского областного маслихата по избирательному округу № 9

Я, Жусупова Айнагуль Копеевна, родилась 21.11.1970 года в совхозе «Амангельдинский» Кзылтуского района Северо-Казахстанской области. Образование высшее, окончила Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова по специальности «Библиотековедение и библиография». Занимаю должность руководителя КГУ «Централизованная библиотечная система» отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта Буландынского района.

Я приложу все усилия для решения проблем нашего региона. А сделать это я смогу благодаря вашей поддержке!

Основные направления программы:

- оказание помощи пенсионерам, многодетным и малообеспеченным семьям;
- проведение работы с хозяйствующими субъектами, предпринимателями по решению проблем сельских жителей;
- проведение культурно-просветительской работы среди учащейся и работающей молодежи;
- решение проблемных вопросов молодежи на селе;
- благоустройство населенных пунктов;
- текущий ремонт дорог и обслуживание в летний и зимний периоды;
- содействие развитию предпринимательства.

Отпечатано: ТОО «BULANDY MEDIA». Адрес: Акмолинская область, Буландынский район, г.Макинск, ул.Сейфуллина,18Б. Тираж 1000 экз. Заказчик: Кандидат в депутаты Акмолинского областного маслихата А. К. Жусупова. Оплачено из средств республиканского бюджета на выборах депутатов маслихатов Республики Казахстан.



МЕНДЫБАЕВА КЛАРА ТҰНҒЫШҚЫЗЫ

Ақмола облыстық мәслихатының № 9 сайлау округі депутаттығына кандидаттың сайлау алдындағы бағдарламасы

Құрметті сайлаушылар!

Мен, Мендыбаева Клара Тұнғышқызы, «ХПП Арна» ЖШС директорымын. Бұрын аудандық мәслихаттың депутаты, сондай-ақ Ақмола облыстық мәслихатының VIII шақырылымының депутаты болдым.

Біздің ауданымыздың қандай болатыны әрқайсымызға байланысты. Сондықтан мен Сізді сайлау учаскелеріне келіп, маған дауыс беруге шақырамын!

Халықпен кеңесіп, мәселені бірге шешеміз!

2026-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1. ЖОЛДАР ЖӘНЕ КӨЛІК

Біржан сал ауданы мен Бұланды ауданындағы көшелердің неғұрлым проблемалы учаскелерін кезең-кезеңімен жөндеуге қол жеткізу. Аудан елді мекендері арасындағы көлік қатынасын, қоғамдық көліктің тұрақтылығын және жолдарды уақытылы ұстауды жақсартуға жәрдемдесу.

2. СУ, ЖАРЫҚ ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Екі ауданда да сумен жабдықтауды одан әрі жақсартуға, тозған желілерді қайта жаңғыртуға және ауыз су сапасын арттыруға қол жеткізу.

3. ҚОЛЖЕТІМДІ НЕСИЕЛЕР ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ

Ауыл тұрғындарын «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша жеңілдікті несиелендіруді кеңейтуге, жеке қосалқы шаруашылықтарды, отбасылық кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуға жәрдемдесу.

4. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

Ауыл тұрғындарының жайылымдықалқаптармен қамтамасыз ету, ветеринариялық инфрақұрылымды дамыту және ауыл шаруашылығы қызметтерінің қолжетімділігі мәселелеріндегі мүддесін қорғау.

5. ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Шағын бизнесті, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуді дамыту және инвестиция тарту есебінен тұрақты жұмыс орындарын құруды қолдау. Мемлекеттік жұмыспен қамту шараларын, кәсіптік оқытуды және жас кәсіпкерлерді қолдауды іске асыруға жәрдемдесу.

6. ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ САПАЛЫ МЕДИЦИНА

Аудандық ауруханалардың жарақтандырылуын жақсартуға, тар бейінді дәрігерлердің және шалғай ауылдардағы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға қол жеткізу. «Дипломмен ауылға» бағдарламасын қоса алғанда, мемлекеттік қолдау шараларын пайдалана отырып, медицина кадрларын тартуды қолдау.

7. ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕР ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҒДАЙЛАР

Аудандардағы орта мектептердің материалдық-техникалық жарақтандырылуын жақсартуға, оқу орындарына баратын жолда қауіпсіз жағдай жасауға қол жеткізу.

8. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Егде жастағы адамдарға, балалы отбасыларға және мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қорғау. Әлеуметтік осал азаматтардың тұрмыс жағдайын жақсартуға және аудандар мекемелерінде қолжетімді орта қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

9. САПАЛЫ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ

«Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасын іске асыруға, ұялы байланыс қамту аймағын кеңейтуге және ауылдық елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетке қосуға қол жеткізу.

10. ТАЗА ЖӘНЕ КӨРКЕЙТІЛГЕН АУЫЛДАР

«Таза Қазақстан» бастамасы аясында барлық елді мекендерді абаттандыруға, қалдықтарды жинау және шығару жүйесін жақсартуға, елді мекендерді көгалдандыруға және жайлы қоғамдық кеңістіктер құруға қол жеткізу.

Басып шығарған: «BULANDY MEDIA» ЖШС-де. Мекенжайы: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қ., Сейфуллин к-сі, 18Б. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс беруші: К. Т. Мендыбаева Ақмола облыстық мәслихат депутаттығына кандидат. Қазақстан Республикасы мәслихат депутаттарын сайлау боыйнша республикалық бюджет қаражатынан төленді.

Предвыборная программа кандидата в депутаты Акмолинского областного маслихата от одномандатного избирательного округа № 9

Уважаемые избиратели!

Я, Мендыбаева Клара Тунгушовна, являюсь директором ТОО «ХПП Арна». Ранее являлась депутатом районного маслихата, а также депутатом Акмолинского областного маслихата VIII созыва.

Многолетний опыт работы в сельском хозяйстве и депутатской деятельности помогает мне понимать проблемы сельских жителей и видеть, какие решения необходимы для развития наших населённых пунктов.

Для меня депутатская работа это ответственность перед людьми, а её главный результат реальные перемены к лучшему в жизни каждого из нас.

КОНКРЕТНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА НА 2026-2031 ГОДЫ

1.ДОРОГИ И ТРАНСПОРТ

Добиваться поэтапного ремонта наиболее проблемных участков улиц в районе Биржан Сал и Буландынском районе.

2. ВОДА, СВЕТ И КОММУНАЛЬНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА

Добиваться дальнейшего улучшения водоснабжения в обоих районах, реконструкции изношенных сетей и повышения качества питьевой воды.

3. ДОСТУПНЫЕ КРЕДИТЫ И РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОГО БИЗНЕСА

Содействовать расширению льготного кредитования сельчан по программе «Ауыл аманаты», развитию личных подсобных хозяйств, семейного предпринимательства и сельскохозяйственных кооперативов. Добиваться увеличения доступности государственных мер поддержки для жителей района Биржан сал и Буландынского района.

4. ПОДДЕРЖКА СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

Отстаивать интересы сельчан в вопросах обеспечения пастбищными угодьями, развития ветеринарной инфраструктуры и доступности сельскохозяйственных услуг.

5. НОВЫЕ РАБОЧИЕ МЕСТА И ДОХОДЫ СЕЛЬЧАН

Поддерживать создание постоянных рабочих мест за счет развития малого бизнеса, переработки сельскохозяйственной продукции и привлечения инвестиций.

6. ДОСТУПНАЯ И КАЧЕСТВЕННАЯ МЕДИЦИНА

Добиваться улучшения оснащения районных больниц, повышения доступности врачей узких специальностей и медицинской помощи в отдаленных селах. Поддерживать привлечение медицинских кадров с использованием мер государственной поддержки, включая программу «С дипломом в село».

7. СОВРЕМЕННЫЕ ШКОЛЫ И УСЛОВИЯ ДЛЯ ДЕТЕЙ

Добиваться улучшения материально-технического оснащения средних школ районов, создания безопасных условий по пути к учебным заведениям.

8. СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА И ПОДДЕРЖКА СЕМЕЙ

Отстаивать доступность государственных социальных услуг для пожилых людей, семей с детьми и людей с инвалидностью. Содействовать улучшению условий проживания социально уязвимых граждан и обеспечению доступной среды в учреждениях районов.

9. КАЧЕСТВЕННАЯ СВЯЗЬ И ИНТЕРНЕТ

Добиваться реализации национального проекта «Доступный Интернет», расширения покрытия мобильной связью и подключения сельских населённых пунктов к высокоскоростному интернету.

10. ЧИСТЫЕ И БЛАГОУСТРОЕННЫЕ СЕЛА

В рамках инициативы «Таза Қазақстан» добиваться благоустройства всех населенных пунктов, улучшения системы сбора и вывоза отходов, озеленения населенных пунктов и создания комфортных общественных пространств.

Отпечатано: ТОО «BULANDY MEDIA». Адрес: Акмолинская область, Буландынский район, г.Макинск, ул.Сейфуллина,18Б. Тираж 1000 экз. Заказчик: Кандидат в депутаты Акмолинского областного маслихата К.Т.Мендыбаева. Оплачено из средств республиканского бюджета на выборах депутатов маслихатов Республики Казахстан.



АЛТЫБАЕВ МАРАТ ЖАМКЕНҰЛЫ

Бұланды аудандық мәслихатының № 1 сайлау округі депутаттығына кандидаттың сайлау алдындағы бағдарламасы

Құрметті сайлаушылар!

Өзімнің басты міндетім деп заңнама аясында ауыл тұрғындарының мүдделерін білдіру мен қорғауды санаймын.

Менің мақсаттарым:

- тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға және олардың жұмыспен қамтылуына ықпал ету;
- жазғы және қысқы кезеңдерде жолдарды ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау;
- ауыл жастарының мәдени бос уақытын ұйымдастыру, мәдени іс-шаралар өткізу;
- ауылдарымызды көркейту,
- халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, елді мекенішілік және елді мекен аралық жолдарды жөндеу бойынша шаралар қабылдау.

Басып шығарған: «BULANDY MEDIA» ЖШС-де. Мекенжайы: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қ., Сейфуллин к-сі, 18Б. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс беруші: Г. Т. Ахметжанова. Ақмола облыстық мәслихат депутаттығына кандидат. Қазақстан Республикасы мәслихат депутаттарын сайлау боыйнша республикалық бюджет қаражатынан төленді.

Предвыборная программа кандидата в депутаты Буландынского районного маслихата по избирательному округу № 10

Уважаемые избиратели!

Я, Ахметжанова Гаухар Темербайқызы, родилась 25 июля 2003 года в городе Макинск Буландынского района Акмолинской области. Образование среднее специальное. Окончила Кокшетауский Высший колледж «Арна» по специальности «Учитель начальных классов.

В настоящее время работаю администратором автотранспортного цеха в ТОО «Макинская птицефабрика».

Своей задачей считаю, в рамках законодательства и в пределах своих полномочий, представлять и защищать интересы сельских граждан. Мои цели:

- способствовать повышению благосостояния жителей и их трудовой занятости;
- текущий ремонт дорог и обслуживание в летний и зимний периоды;
- заниматься благоустройством наших сел,
- принимать меры по обеспечению населения качественной питьевой водой, ремонту внутрипоселковых и межпоселковых дорог.

Отпечатано: ТОО «BULANDY MEDIA». Адрес: Акмолинская область, Буландынский район, г.Макинск, ул.Сейфуллина,18Б. Тираж 1000 экз. Заказчик: Кандидат в депутаты Акмолинского областного маслихата Г. Т. Ахметжанова. Оплачено из средств республиканского бюджета на выборах депутатов маслихатов Республики Казахстан.



БАПИШЕВ АСХАТ РАШИДҰЛЫ

Бұланды аудандық мәслихатының № 11 сайлау округі бойынша депутаттығына кандидаттың сайлау алдындағы бағдарламасы

Құрметті сайлаушылар!

Мен, Бапишев Асхат Рашидұлы, Партизанка ауылында туып-өстім. Мамандығым бойынша өрт инспекторымын. Қазіргі уақытта «Ақбас Агро» шаруа қожалығының басшысымын.

Ауданның дамуы адамдарды күн сайын алаңдататын мәселелерді шешуден басталады. Бұл – жолдардың жай-күйі, ауыз судың сапасы, медицина мен білімнің қолжетімділігі, жұмыс орындары және балаларымыздың болашағы.

Әрбір елді мекен назар аударуға тұрарлық, ал лайықты өмір сүру жағдайлары тұрғылықты жеріне қарамастан барлық тұрғындарға қолжетімді болуы тиіс деп сенемін. Әділдік пен адамдар алдындағы жауапкершілікті дәл осыдан көремін.

2026-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1.ЖОЛДАР ЖӘНЕ КӨЛІК

Ең проблемалы жол учаскелерін кезең-кезеңімен жөндеуге және қалпына келтіруге қол жеткізу. Елді мекен аралық жолдарды тұрақты тегістеуге және үюге жәрдемдесу. Қыс мезгілінде жолдарды уақытылы қардан тазартуға және әлеуметтік маңызды объектілерге қауіпсіз жол жүруді қамтамасыз етуге қол жеткізу.

2. СУ, ЖАРЫҚ ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Отрадное ауылын сумен жабдықтау мәселелерін шешуге, тозған инженерлік желілерді жөндеуге қол жеткізу. Ауылдық елді мекендерді үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз етуге және көше жарығын кеңейтуге ерекше назар аудару.

3. ҚОЛЖЕТІМДІ НЕСИЕЛЕР ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ

«Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша ауыл тұрғындарын жеңілдетілген несиелендіруді кеңейтуге, жеке қосалқы шаруашылықтарды, отбасылық кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуға жәрдемдесу.

4. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

Жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету, ветеринариялық инфрақұрылымды дамыту және ауыл шаруашылығы қызметтерінің қолжетімділігі мәселелерінде ауыл тұрғындарының мүдделерін қорғау.

5. ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Шағын бизнесті дамыту, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және инвестиция тарту есебінен тұрақты жұмыс орындарын құруды қолдау. Мемлекеттік жұмыспен қамту шараларын, кәсіптік оқытуды және жас кәсіпкерлерді қолдауды іске асыруға жәрдемдесу.

6. ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ САПАЛЫ МЕДИЦИНА

Мемлекеттік қолдау шараларын, соның ішінде «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын пайдалана отырып, медицина кадрларын тартуды қолдау.

7. ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕР ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҒДАЙЛАР

Партизанка, Новобратск, Тоқтамыс, Шұбарағаш, Отрадное ауылдарының орта мектептерінің материалдық-техникалық жарақтандырылуын жақсартуға, оқу орындарына баратын жолда қауіпсіз жағдайлар жасауға қол жеткізу. Мектептерге баратын жолдарға, сондай-ақ балалар және спорт алаңдарын дамытуға бірінші кезектегі назар аудару.

8. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Қарт адамдарға, балалы отбасыларға және мүгедектігі бар адамдарға арналған мемлекеттік әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қорғау. Әлеуметтік осал азаматтардың тұрмыс жағдайын жақсартуға және аудан мекемелерінде қолжетімді орта қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

9. САПАЛЫ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында Ортақшыл, Мат, Отрадное ауылдарында ұялы байланыс пен интернетті жақсартуға, сондай-ақ шалғай елді мекендерде қамту аумағын кеңейтуге қол жеткізу.

10. ТАЗА ЖӘНЕ КӨРКЕЙТІЛГЕН АУЫЛДАР

«Таза Қазақстан» бастамасы аясында Новобратск, Буденовка, Партизанка, Ортақшыл, Шұбарағаш, Отрадное, Мат, Тоқтамыс, Гордеевка, Иванковка, Новокиевка ауылдарының көшелерін абаттандыруға, қалдықтарды жинау және шығару жүйесін жақсартуға, елді мекендерді көгалдандыруға және жайлы қоғамдық кеңістіктер құруға қол жеткізу.

Басып шығарған: «BULANDY MEDIA» ЖШС. Мекенжайы: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қ., Сейфуллин к-сі, 18 Б, таралымы 1000 дана, Тапсырыс беруші: А.Р.Бапишев Бұланды ауданы мәслихат депутаттығына кандидат. Қазақстан Республикасы мәслихат депутаттарын сайлау боыйнша республикалық бюджет қаражатынан төленді.

Предвыборная программа кандидата в депутаты Буландынского районного маслихата от избирательного округа № 11

Уважаемые избиратели!

Я, Бапишев Асхат Рашидович, родился и вырос в селе Партизанка. По образованию инспектор пожарный. В настоящее время являюсь руководителем КХ «Акбас Агро».

Развитие района начинается с решения вопросов, которые ежедневно волнуют людей. Это состояние дорог, качество питьевой воды, доступность медицины и образования, рабочие места и будущее наших детей.

КОНКРЕТНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА НА 2026-2031 ГОДЫ

1. ДОРОГИ И ТРАНСПОРТ

Добиваться поэтапного ремонта и восстановление наиболее проблемных участков дорог. Содействовать проведению регулярного грейдирования и отсыпки межпоселковых дорог. Добиваться своевременной очистки дорог от снега в зимний период и обеспечения безопасного проезда к социально значимым объектам.

2. ВОДА, СВЕТ И КОММУНАЛЬНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА

Добиваться решения вопросов водоснабжения села Отрадное, ремонта изношенных инженерных сетей. Уделять особое внимание бесперебойному электроснабжению сельских населенных пунктов и расширению уличного освещения.

3. ДОСТУПНЫЕ КРЕДИТЫ И РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОГО БИЗНЕСА

Содействовать расширению льготного кредитования сельчан по программе «Ауыл аманаты», развитию личных подсобных хозяйств, семейного предпринимательства и сельскохозяйственных кооперативов.

4. ПОДДЕРЖКА СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

Отстаивать интересы сельчан в вопросах обеспечения пастбищными угодьями, развития ветеринарной инфраструктуры и доступности сельскохозяйственных услуг. Добиваться создания оборудованной площадки для реализации продукции местных фермеров и личных подсобных хозяйств.

5. НОВЫЕ РАБОЧИЕ МЕСТА И ДОХОДЫ СЕЛЬЧАН

Поддерживать создание постоянных рабочих мест за счет развития малого бизнеса, переработки сельскохозяйственной продукции и привлечения инвестиций.

6. ДОСТУПНАЯ И КАЧЕСТВЕННАЯ МЕДИЦИНА

Поддерживать привлечение медицинских кадров с использованием мер государственной поддержки, включая программу «С дипломом в село».

7. СОВРЕМЕННЫЕ ШКОЛЫ И УСЛОВИЯ ДЛЯ ДЕТЕЙ

Добиваться улучшения материально-технического оснащения средних школ сел Партизанка, Новобратск, Токтамыс, Шубарагаш, Отрадное, создания безопасных условий по пути к учебным заведениям.

8. СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА И ПОДДЕРЖКА СЕМЕЙ

Отстаивать доступность государственных социальных услуг для пожилых людей, семей с детьми и людей с инвалидностью.

9. КАЧЕСТВЕННАЯ СВЯЗЬ И ИНТЕРНЕТ

Добиваться улучшения мобильной связи и интернета, а также расширения покрытия в отдаленных населенных пунктах в рамках национального проекта «Доступный интернет» в селах Ортакшиль, Мат, Отрадное. Поддерживать цифровизацию сельских учреждений и повышение доступности электронных государственных услуг.

10. ЧИСТЫЕ И БЛАГОУСТРОЕННЫЕ СЕЛА

В рамках инициативы «Таза Қазақстан» добиваться благоустройства улиц сел Новобратск, Буденовка, Партизанка, Ортакшиль, Шубарагаш, Отрадное, Мат, Токтамыс, Гордеевка, Иванковка, Новокиевка, улучшения системы сбора и вывоза отходов, озеленения населенных пунктов и создания комфортных общественных пространств.

Отпечатано: ТОО «BULANDY MEDIA», адрес: Акмолинская область, Буландынский район, г.Макинск, ул.Сейфуллина,18 Б, тираж 1000 экз. Заказчик: Кандидат в депутаты Буландынского районного маслихата А.Р.Бапишев. Оплачено из средств республиканского бюджета на выборах депутатов маслихатов Республики Казахстан.



Беккер Светлана Васильевна

№ 10 сайлау округі бойынша Бұланды аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттың сайлауалды бағдарламасы

Құрметті сайлаушылар!

Мен, Светлана Васильевна Беккер, 1968 жылы 1 наурызда Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Капитоновка ауылында дүниеге келдім.

Білімім - орта арнаулы. Атбасар медицина училищесін бітірдім. Қазіргі уақытта Капитоновка ауылындағы ФАП-та фельдшер қызметін атқарудамын.

Ауылдық жердің тұрғыны болғандықтан, ауылдастарымның түйткілді мәселелерін жақсы білемін. Менің науқан бағдарламасы келесі бағыттарға бағытталған:

- ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу;
- жас мамандарды ауылға жұмысқа тартуға көмектесу;
- ауыл шаруашылығы жануарларының санын көбейту;
-жұмыспен қамту деңгейін арттыруға ықпал ету;
-кедейшілік пен жұмыссыздық деңгейін төмендету;
-білім және медицина қызметкерлерінің мәртебесін, біліктілігін және білімін арттыру бойынша жұмыс;
-халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

Басып шығарған: «BULANDY MEDIA» ЖШС-де. Мекенжайы: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қ., Сейфуллин к-сі, 18Б. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс беруші: С. В. Беккер. Ақмола облыстық мәслихат депутаттығына кандидат. Қазақстан Республикасы мәслихат депутаттарын сайлау боыйнша республикалық бюджет қаражатынан төленді.

Предвыборная программа кандидата в депутаты Буландынского районного маслихата по избирательному округу № 10

Уважаемые избиратели!

Я, Беккер Светлана Васильевна, родилась 1 марта 1968 года в селе Капитоновка Буландынского района Акмолинской области. Образование среднее специальное. Окончила Атбасарское медицинское училище. В настоящее время занимаю должность фельдшера Капитоновского ФАП.

Мне как жителю сельской местности, хорошо знакомы проблемы, с которыми сталкиваются односельчане. Моя предвыборная программа направлена на следующие направления:

- оказание содействия развитию предпринимательства на селе;
- оказание содействия по привлечению молодых специалистов для работы на селе;
- увеличение поголовья сельскохозяйственных животных;
- способствование повышению уровня трудоустройства;
- снижение уровня бедности и безработицы;
- работа по повышению статуса, квалификации и знаний работников образования и медицины;
- обеспечение населения качественной питьевой водой.

Отпечатано: ТОО «BULANDY MEDIA». Адрес: Акмолинская область, Буландынский район, г.Макинск, ул.Сейфуллина,18Б. Тираж 1000 экз. Заказчик: Кандидат в депутаты Акмолинского областного маслихата С. В. Беккер. Оплачено из средств республиканского бюджета на выборах депутатов маслихатов Республики Казахстан.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Еріктілік – жүректен шыққан ізгілік!



Халықаралық волонтерлер жылы аясында Бұланды ауданының белсенді жастары - Рояна Хутиева мен Александр Подлесский - волонтерлік қызметтегі жоғары белсенділігі, бастамашылдығы және еріктілер қозғалысын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Ақмола облыстық Жастар ресурстық орталығының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Бұл марапат - олардың қоғам игілігі жолындағы жанашырлығы мен жауапкершілігінің, қайырымдылық пен ізгілікке негізделген игі істерінің лайықты бағасы. Өз еркімен уақытын бөліп, өзгелерге көмек қолын созып жүрген жастардың еңбегі - өскелең ұрпаққа үлгі, қоғамға үлкен өнеге.

Волонтерлік - тек көмек көрсету ғана емес, ол мейірімділік, адамгершілік, жанашырлық пен азаматтық белсенділіктің көрінісі.

Рояна мен Александрды лайықты марапаттарымен шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы уақытта да игі бастамаларыңыз жалғасын тауып, жаңа жетістіктер мен жарқын жеңістерге жете беріңіздер! Еңбектеріңіз еленіп, жақсылық жолындағы қадамдарыңыз әрдайым жемісті болсын!

* * *

Қамқорлық пен қауіпсіздік – басты назарда!

Бұланды ауданында жалғыз тұратын зейнеткерлерге қолдау көрсету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында



Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп, қайырымдылық және профилактикалық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырды.

Іс-шара барысында мамандар жалғыз тұратын қарттардың үйлеріне барып, тұрмыстық жағдайларымен танысты. Сонымен қатар пешпен жылытылатын үйлердің түтін мұржаларын жиналған күйеден тазартып, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына назар аударды.

Мұндай жұмыстардың маңызы зор. Себебі түтін мұржаларының уақытылы тазаланбауы өрт шығу қаупін арттырып, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Осы орайда ТЖБ қызметкерлері тұрғындарға жылыту пештерін дұрыс пайдалану, мұржаларды уақытылы тазалау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Аталған игі бастама аға буын өкілдеріне деген құрмет пен қамқорлықтың, сондай-ақ мекемелер арасындағы өзара ынтымақтастықтың жарқын үлгісі болды.

* * *

Салауатты өмір салтын бірге қолдайық!

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығының мамандары аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп, тұрғындар арасында нашақорлықтың алдын алу және есірткіге қарсы қоғамдық иммунитетті қалыптастыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Іс-шара барысында тұрғындарға есірткі заттарын қолданудың адам денсаулығына тигізетін зияны, оның психологиялық және әлеуметтік салдары, сондай-ақ нашақорлықтың жеке адам мен қоғам өміріне әкелетін кері әсері туралы кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар, азаматтарға есірткіге тәуелділіктің алдын алу, зиянды әдеттерден аулақ болу және салауатты өмір салтын ұстану жөнінде ақпарат беретін арнайы ақпараттық буклеттер таратылды. Мамандар есірткі заттарының заңсыз айналымына байланысты жауапкершілік мәселелеріне де назар аударып, жастар мен тұрғындарды құқық бұзушылықтардан сақ болуға шақырды.







Мұндай профилактикалық іс-шаралардың негізгі мақсаты – халықтың, әсіресе жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыру, есірткіге қарсы берік көзқарас қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Нашақорлықпен күрес – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан әрбір азаматтың саналы таңдауы мен белсенді ұстанымы - қауіпсіз әрі салауатты қоғам қалыптастырудың маңызды кепілі.

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.

Фастфуд өнімдер: баланың ас мәзірін қалай реттейміз?

Бүгінде балалар тұтынатын тағамдардың жарнамасы көздің жауын алады. Мемлекет осындай жарнамаларға шектеу қоюды қарастырып отыр. Алайда одан балалардың тамақтану дағдысы өзгере ме? Тақырыпты біршама тарқатып көрейік...

Жарнамаға шектеу қою

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы құрамында қант, тұз, май мөлшері мол өнімдердің жарнамалары балалардың тағам таңдауына әсер ететінін ескертіп отыр.

Әлеуметтік желілердегі көз тартқан тағам көріністері өз алдына, көшедегі жарнамалық тақталар және дүкен сөрелеріндегі түрлі түсті қаптамалар да балаларды қызықтырып тартатыны мәлім.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл педагогтердің тамыз конференциясында фастфудтың агрессивті жарнамасына назар аударып, оның балалар денсаулығына тигізетін зардабын атаған еді. Президент елімізде қант диабетіне шалдыққан 7 мыңнан астам бала дәрігерлердің бақылауында тұрғанын айтты. Осы орайда Денсаулық сақтау министрлігі мұндай өнімдердің жарнамасын шектеуге бағытталған заңнамалық өзгерістер әзірлеуге кірісті.

Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің басқарма басшысы Самал Лепесованың айтуынша, ұсынылған өзгерістер бірнеше бағытты қамтиды. Соның бірі – балалар теледидар көретін, радио тыңдайтын уақытта құрамында қант, тұз, қанықкан майлар және трансмайлардың мөлшері мол өнімдердің жарнамасын шектеу.

«Денсаулық сақтау министрлігі заңнамалық өзгерістерге қатысты ұсыныстар әзірледі. Негізгі мақсатымыз – құрамында қант, тұз, трансмайлар және қанықкан майлардың мөлшері жоғары өнімдердің маркетингтік ықпалынан балаларды қорғау. Телеарналар мен радиода мұндай өнімдердің жарнамасын таңғы сағат 6:00-ден кешкі 21:00-ге дейін шектеу ұсынылып отыр. Сонымен қатар әлеуметтік желілердегі жарнамаға, блогерлердің осындай өнімдерді насихаттауына қатысты нормалар да қарастырылған. Ұсыныстар тиісті мемлекеттік органдармен келісу сатысында», дейді министрлік өкілі Самал Лепесова.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) тағамдық құрамды бағалау өлшемдерін пайдалануды Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі қарастырып отыр. Құрамында қант, тұз, қанықкан майлар секілді көрсеткіштер арқылы жіктеуге негізделген мұндай жүйенің алайда отандық нарыққа қалай бейімделері белгісіз.

Тағы бір мәселе – жарнаманың жаңа түрлерін бақылау. Радио-теледидардағы жарнама уақытын шектеу салыстырмалы түрде оңай, ал әлеуметтік желілердегі ақылы жарияланымдарды, блогерлердің жасырын жарнамаларын, шетелдік платформалардағы коммерциялық мазмұнды қадағалау әлдеқайда күрделі. Мұндай жағдайда заңның тиімділігі – шектеудің қатаңдығына ғана емес, оның орындалуын бақылайтын тетіктерге де байланысты болмақ.

Салық тұтынуды азайта ма?

Жарнаманы шектеумен қатар мемлекет тұтынуды экономикалық тетіктер арқылы реттеуді де қарастырып отыр. Соның бірі – жекелеген сусындарға акциз енгізу. Елімізде энергетикалық сусындарға акциз белгіленген. 2026 жылы оның мөлшері литріне 100 теңгені құраса, 2027 жылы 140 теңгеге, 2030 жылдан бастап 240 теңгеге дейін өседі. Денсаулық сақтау министрлігі құрамында қант мөлшері жоғары сусындарға да осындай салық енгізу мәселесін көтеріп отыр.

Мұндай тәсілді қолданудағы мақсат – өнімнің бағасына әсер ету арқылы тұтынуды азайту. Алайда мұндай шараның нәтижесі салықтың мөлшеріне ғана байланысты емес. Яғни, тұтынушының табысына, нарықтағы балама өнімдердің бағасына және өндірушілердің салық ауыртпалығын қаншалықты өз мойнына алатынына байланысты.

Мектептерде ас мәзірі қандай?

Айта кеткен жөн, биыл сәуір айынан бастап мектепте ас мәзіріне өзгерістер енгізілген. Тағам құрамындағы қант пен тұз мөлшері азайтылып, ас сапасын бақылау күшейтілді. Ас сапасын мектеп әкімшілігі, арнайы комиссия, ата-аналар бақылап отырады.

Мамандардың пікірлерінше, ата-аналар мен мұғалімдер бірлесе жұмыс істеуі қажет, өйткені баланың дұрыс тамақтануға дағдылану мәселесі бір күнде шешілмейді.

Білім беру ұйымдарында жекелеген өнімдерді сатуға шектеу қойылғанымен, маңайында орналасқан дүкендерде сол өнімдер еркін саудаланады. Тағы бір мәселе, мектепте пайдалы ас ұсынылғанымен, үйде әрдайым дайын тағамға тапсырыс берілсе, баланың талғамын өзгерту қиын.

Ал мектептегі тамақтану жүйесінде ескерілетін бір мәселе – асханалардың жұмысын бағалағанда тағамның құнарлылығымен қатар, қаншалықты тұтынылатыны зерттелуі қажет. Яғни, қай тағамның жиі желінбей қалатыны, қандай өнімнің сұранысқа ие екені, оқушылардың не себепті асханадан бас тартатыны – анықталып, мұндай зерттеу – ас мәзірін түзетуге нақты негіз болар еді.

Шектеу қойылған тағамдарды алмастыру мүмкін бе?

Белгілі бір тағамды тұтынуға тыйым салу – сұранысты бірден жоймайтындықтан, балалардың тамақтану дағдысын өзгерту тұрғысында шектеумен қатар, сол тағамды алмастыратын өзге өнімдер ұсынудың да маңызы бар.

Нутрициолог маман Гүлвира Ибраеваның айтуынша, баланың сүйікті тағамын үй жағдайында дайындауға болады.

«Бала белгілі бір тағамның дәміне үйреніп қалса, оны бірден шектеу қиын. Сондықтан сол тағамның балама түрін үйде дайындауға болады. Мәселен, бала картоп фриді ұнатса, оны үй жағдайында әзірлеудің жолдары бар. Ең бастысы, ата-ана тағамның құрамын, дайындалу тәсілін өзі қадағалайды. Баланы пайдалы тамақтануға үйрету оның жақсы көретін тағамынан түгел бас тартқызу деген сөз емес», дейді Гүлвира Ибраева.

Әрине, пайдалы тағамды насихаттау тұрғысында оның қолжетімділігі ескерілуге тиіс. Әсіресе табысы төмен отбасыларда азық-түлік таңдауға жұмсалатын қаражат шектеулі, мұндай жағдайда тағамның құнарлылығынан бұрын бағасына мән берілуі мүмкін. Сол себепті дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру ісін халықтың сатып алу мүмкіндігінен бөлек қарастыру мүмкін емес, яғни, пайдалы өнімдер қымбат болып, ал құнарлылығы төмен дайын тағамдар арзан болса, тұтынушының таңдауын өзгерту қиын болары мәлім.

Осыған байланысты отандық тағам өндірісінің әлеуетін пайдалануға болады. Мысалға, тары, құрт, ірімшік секілді дәстүрлі өнімдерді заманауи қаптамамен қаптап, ыңғайлы түрде ұсыну – нарықта балама өнімдердің қатарын көбейтудің бір жолы.

Әдет отбасыдан бастау алады

Жарнамаға шектеу қою, мектеп асханасын жаңарту, жекелеген өнімдерге салық енгізу – мемлекеттің қолындағы тетіктер. Бірақ олардың ешқайсысы отбасындағы тамақтану дағдысын өздігінен өзгерте алмайды.

Мысалға, мектепте пайдалы тағам туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілгенімен, оқушы үйінде немесе достарымен бірге басқа өнімдерді тұтынуы мүмкін. Бұл ретте балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру тұрғысында тек ақпарат берумен шектелмеу маңызды. (Өйткені дұрыс тамақтанудың пайдасын білу және оны күнделікті әдетке айналдыру екі бөлек мәселе).

Психолог Ғазиза Әділбай баланың тағам таңдауы көбіне ата-анасының күнделікті әрекетіне байланысты қалыптасатынын айтады.

«Бала ең алдымен ата-анасына еліктейді. Үйде қандай тағам жиі тұтынылса, бала соны қалыпты нәрсе ретінде қабылдайды. Сондықтан дұрыс тамақтану туралы түсіндіру жұмысын отбасынан бастаған жөн. Балаларға арналған мультфильмдер, танымдық бейнероликтер арқылы пайдалы тағамның маңызын түсіндіруге болады. Бірақ мұның бәрі ата-ананың күнделікті іс-әрекетімен ұштаспаса, нәтижесі шамалы», дейді психолог Ғазиза Әділбай.

Тағам өндірушілер тұтынушының назарын аударудың сан алуан әдісін пайдаланады. Ал дұрыс ас мәзірін насихаттау ісі ақпараттық түсіндіру сипатында ғана қалған. Сондықтан пайдалы тағам туралы мазмұнның қызықты әрі түсінікті түрде балаларға ұсынудың жаңа тәсілдері қажет.

Түйін

Фастфуд жарнамасына шектеу қою бастамасы – балалардың тамақтану мәдениетіне қатысты бірнеше мәселені байқатты. Атап айтқанда, жарнамасына тыйым салынатын өнімдердің нақты өлшемі белгіленуге тиіс екенін, әлеуметтік желілердегі жарнаманы бақылаудың құқықтық тетігі қажет екенін және мектептегі тамақтану сапасын жақсарту оқушылардың нақты тұтыну дағдысын зерттеумен ұштасуы жөн екенін көрсетті. Ал экономикалық шектеулер енгізілген жағдайда солардың нәтижесін тек салық түсімімен емес, тұтыну көлемінің өзгеруі және өнім құрамының жақсаруы тұрғысында бағалау маңызды.

Жарнамаға тыйым салу баланың күнделікті ас мәзірін бірден өзгертпейді. Бірақ дұрыс әзірленген заң – өндірушілердің жарнама тәсіліне, өнім құрамына, тұтынушының таңдауына әсер ете алады. Сондықтан жаңа талаптардың нәтижесі солардың қаншалықты қатаң болатынына емес, қаншалықты тиімді іске асатынына байланысты болары анық.

Айта кетейік, неміс ғалымы Риквекк: «Адам нендей тағамды көп тұтынса, өзі де соған бейім өмір сүреді» депті. Неміс ғалымы айтқандай, адамның өмір салты, мінез-құлқы, денсаулығы, ортаға қарым-қатынасы ішіп-жеген тағамына байланысты екен.

Ш. МҰҚАЕВ, egemen.kz.

АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢ – ИНФОРМАЦИОННОЕ ПОЛЕ

Жастар аға буынға құрмет көрсетті

Қарттар күні мен Мүгедектігі бар адамдар күніне арналған айлық аясында Бұланды ауданы волонтерлері жалғыз тұратын зейнеткерге көмек көрсетті.

Волонтерлер үй шаруасына көмектесіп, қажетті қолдау көрсетті. Бұл - аға буынға деген құрмет пен қамқорлықтың, сондай-ақ мейірімділік пен жанашырлықтың көрінісі.

Жақсылық жасау - адамға тек көмек көрсетіп қана қоймай, оған жылулық, көңіл бөлу және жақсы көңіл-күй сыйлау мүмкіндігі!

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.



Профилактика рака молочной железы

Молочная железа - гормонально-зависимый орган. Как нормальное ее развитие, так и возникновение патологических изменений в ней, происходит под влиянием определенных гормонов. Эти дисгормональные расстройства, как правило, протекают незаметно для больных, но могут держаться годами. Любые факторы, способные вызвать отклонения в гормональном балансе женщины, способны увеличить риск развития рака молочной железы. Их называют факторами риска. Перечислим их

Возраст

Максимальная заболеваемость раком груди отмечается в интервале от 40 до 60 лет. В это время в организме женщины происходят гормональные изменения, обусловленные развитием климакса.

Заболевания молочной железы

У тех, кто ранее перенес рак одной молочной железы, риск развития рака другой железы повышается на 0,5-1% с каждым последующим годом жизни. Женщины, страдающие доброкачественными заболевания молочных желез, также имеют повышенный риск развития рака.

Питание

Риск развития заболевания может увеличиваться при систематическом переедании жирами животного происхождения. Предрасположенности к раку молочной железы способствует чрезмерное потребление жареных и пережаренных пищевых продуктов, концентрированных бульонов, яичного желтка, сливочного масла и др. продуктов, богатых холестерином.

Ожирение

Лишняя масса тела связана с избыточным отложением жировой ткани, которая обладает способностью задерживать и накапливать в организме различные токсины и канцерогенные соединения, поступающие в организм в течение жизни с воздухом, водой, пищей.

Травмы молочных желез

Ушиб, сдавление, ранение и др. механические воздействия, особенно повторяющиеся неоднократно, могут стимулировать уже имеющиеся предопухолевые или начально опухолевые изменения.

Наследственность

Риск развития рака возрастает соответственно числу родственников первой степени родства (мать, родная сестра или дочь), болевших раком груди в молодом возрасте (до наступления менопаузы). Если у родственников первой степени родства был рак обеих молочных желез, или в семье более одного случая заболевания раком груди, то вероятность заболевания повышается в 8-10 раз.

Курение и алкоголь

Курение и потребление различных алкогольных напитков несколько повышает риск развития рака груди.

Выявление факторов риска дает важную информацию, хотя и не может предотвратить развитие болезни.

Знание факторов риска поможет Вам и Вашему врачу определить возможные меры профилактики заболевания.

Каждая женщина должна знать и помнить, что при комбинации нескольких факторов риска, вероятность развития рака молочной железы увеличивается;

необходимо избегать перечисленные выше отклонения в развитии менструальной, половой, детородной и лактационной функциях;

соблюдать правила рационального питания;

следить за массой тела;

беречь молочные железы от ушибов, травм, ударов, сдавлений;

носить хорошо поддерживающие бюстгальтеры, предупреждая обвисание желез;

своевременное и эффективное лечение заболеваний яичников, щитовидной железы, печени, психоневрогенных расстройств снижает риск развития рака молочной железы.

Регулярно проводить самостоятельный осмотр груди:

Старайтесь проводить его как можно чаще, в идеале — каждый день.

1. Остановитесь перед зеркалом и тщательно осмотрите свою грудь. Обратите внимание на её размеры и форму.

2. Рассмотрите обе железы по очереди, заведя руки за шею или спину (это нужно, чтобы мышцы груди напряглись).

3. Левой рукой пропальпируйте (ощупайте) правую грудь, другой рукой — левую.

Следует насторожиться, если при осмотре вы обнаружили:

· плотные образования в области железы, припухлости, не пропадающие после менструации;

· странные выделения из сосков, не имеющие отношения к лактации, особенно опасным признаком является кровь;

· сморщенную, покрасневшую, рябую кожу;

· увеличение или уменьшение молочной железы в размерах, изменение формы груди.

При выявлении у себя таких тревожных признаков необходимо без промедления обратиться к маммологу.

Даже если нет ни одного из выше перечисленных симптомов, нужно регулярно проводить самообследование молочных желез, с 30-ти летнего возраста раз в год нужно посещять врача маммолога в профилактических целях, делать УЗИ молочных желез. После 40 лет осмотр маммолога и маммография. Своевременно проходить скрининговые обследования.

Статистика гласит, что более 90 процентов случаев заболевания раком груди поддаются лечению при условии своевременной диагностики болезни. Поэтому очень важно следить за состоянием молочных желёз и общим самочувствием.

Ж. БЕРДИХАН, медицинская сестра маммологического кабинета Буландынской районной больницы.

Жылыту маусымындағы қауіпсіздік

Жылыту маусымының басталуымен тұрғын үйлерде өрт шығу қаупі арта түседі. Әсіресе жеке тұрғын үйлерде пештерді, электр жылыту құралдарын және газ жабдықтарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау аса маңызды. Өрт оқиғаларының басым бөлігі қауіпсіздік ережелерін сақтамау, тұрмыстық электр құралдарын дұрыс пайдаланбау және пешті пайдалану кезіндегі жауапсыздық салдарынан орын алады.

Осыған байланысты әрбір тұрғын жылыту маусымында қауіпсіздік шараларына ерекше назар аударуы қажет.

Пешті пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Пеш жағу кезінде бірқатар қарапайым, бірақ маңызды ережелерді сақтау қажет. Ең алдымен, пештің мұржасын уақытылы тазалап, оның жарамдылығын тексеру керек. Пештің есігі мен от жағатын бөлігі ақаусыз болуы тиіс. Жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оны шамадан тыс қыздыруға жол берілмейді.

Отын мен тез тұтанатын заттарды пештің маңында сақтауға болмайды. Пештің алдына жанбайтын материалдан жасалған төсем орнату ұсынылады. Сонымен қатар кәмелетке толмаған балаларға пеш жағуды немесе оны қараусыз пайдалануды тапсырмаған жөн.

Электр құралдарын пайдалану кезіндегі сақтық

Тұрмыста электр құралдарын пайдалану кезінде де өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау маңызды. Электр желісіне шамадан тыс жүктеме түсірмеу, бір розеткаға бірнеше қуатты электр құралын қоспау қажет. Зақымдалған электр сымдарын, ақаулы розеткалар мен қолдан жасалған электр жылытқыштарын пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Үйден шығар алдында электр құралдарын тоқ көзінен ажыратып, электр жылытқыштарын қосулы күйде қалдырмау керек.

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі

Тұрмыстық қауіпсіздік – тек жылыту құралдарын дұрыс пайдаланумен шектелмейді. Газ жабдықтарын пайдалану кезінде желдету жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қадағалап, газдың иісі сезілген жағдайда электр құралдарын қоспай, газ кранын жауып, үй-жайды желдетіп, авариялық газ қызметіне хабарлау қажет.

Әрбір тұрғын үйде өрт сөндіргіш пен түтін анықтағыштың болуы төтенше жағдайлардың алдын алуға және адам өмірін сақтап қалуға көмектеседі.

Өрт болған жағдайда не істеу керек?

Өрт немесе түтін байқалған жағдайда дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлау қажет. Адамдарды қауіпсіз жерге шығарып, мүмкіндігінше электр қуатын ажырату керек. Өртті өз бетімен сөндіру өмірге қауіп төндіретін болса, оған жол бермей, ғимараттан тез арада шығу қажет.

Бұланды ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды жылыту маусымында өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға, пештер мен электр жабдықтарының жарамдылығын үнемі тексеруге шақырады.

Есіңізде болсын, өрт қауіпсіздігі – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Қарапайым сақтық шараларын сақтау адам өмірін, денсаулығын және мүлкін қорғауға мүмкіндік береді.

Өрттің алдын алу – өз қолымызда!

* * *

Қоқыс пен құрғақ шөпті өртеуге қатаң тыйым салынады!

Өрт қауіпті кезеңде тұрғындардың аула аумағында, елді мекендерде және ашық жерлерде тұрмыстық қалдықтарды, қоқыстарды, құрғақ шөптер мен өсімдік қалдықтарын өртеуіне жол берілмейді. Себебі оттың бақылаудан шығып, желдің әсерінен жақын орналасқан тұрғын үйлерге, шаруашылық құрылыстарына және табиғи аумақтарға таралу қаупі жоғары.

Тұрғындарға қоқыстар мен құрғақ өсімдіктерді өртеудің орнына оларды арнайы белгіленген орындарға шығару ұсынылады. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады және оларға айыппұл салынады.

Естеріңізге сала кетейік, қоқысты жағу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 336-бабына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

Өрттің алдын алу – әрбір азаматтың міндеті! Қауіпсіздік ережелерін сақтап, өз үйіңізді, жақындарыңызды және қоршаған ортаны өрттен қорғаңыз!

Бұланды ауданының ТЖБ.


Как победить в борьбе с недугом?

Рак печени – это злокачественная опухоль, возникающая в печеночных долях или протоках, которые выводят желчь. Печень – это жизненно важный орган человека, который непрерывно фильтрует кровь, циркулирующую по телу, и превращает питательные вещества, всасывающиеся из пищеварительного тракта, в химические вещества. Помимо этого печень выполняет множество других важных функций, такие как удаление токсинов и других химических отходов из крови, и готовит их к выведению из организма.Причинами развития рака печени и образования опухолей могут послужить не только вирусные заболевания, но и воздействие на организм человека различных отравляющих веществ.

Причинами заболевания является: курение; постоянное употребление спиртного; хронические заболевания, протекающие в организме; длительное воздействие токсических веществ; генетические патологии и врожденные аномалии; наследственность; негативное воздействие на плод в период внутриутробного развития; травмы печени; прием противозачаточных таблеток; длительное употребление сильнодействующих препаратов; сильное снижение иммунитета; нарушение обмена веществ (ожирение, сахарный диабет).

На начальных стадиях развития опухоли не возникает никаких характерных признаков

Симптомы рака печени: общая слабость и быстрая утомляемость; тупая ноющая боль и чувство тяжести в правом подреберье, потеря аппетита, тошнота; резкое похудание; повышение температуры и ознобы; увеличение и болезненность печени. При ощупывании она бугристая и твердая; моча становится темной, а кал белым; асцит или водянка – скопление жидкости в брюшной полости.



Такие симптомы могут быть проявлением не только рака печени, но и других заболеваний. при появлении первых симптомов необходимо немедленно обращаться к специалисту и проходить обследование. Поэтому необходимо каждый год обследовать у специалистов все органы. Только тогда есть шанс на полное выздоровление.

Как проводится диагностика этого заболевания?

Исследование крови. Определение уровней альфа-фетопротеина (АФП) в крови полезно как на этапе диагностики опухолей печени, так и после лечения для контроля эффективности терапии и возможного рецидива заболевания.

Ультразвуковое исследование (УЗИ) позволяет обнаружить опухоль и в некоторых случаях определить ее тип.

Магниторезонансную (МРТ) или компьютерную томографию (КТ). Для обследования органа в различных проекциях. Биопсия опухоли является наиболее достоверным методом диагностики рака печени. Повысить продолжительность жизни, остановить рост опухолей или даже полностью избавиться от них помогают современные методы лечения.

Лечение рака печени зависит от серьезности и стадии заболевания, размера опухоли, наличия метастаз, общего состояния здоровья пациента и других факторов. Варианты лечения рака печени могут быть разными: хирургическое вмешательство (удаление опухоли хирургическим путем); местное лечение; лечение, направленное напрямую в кровоток: химиоэмболизационная терапия (TACE) и селективная внутритканевая лучевая терапия (SIRT); лучевая терапия; медикаментозное лечение.

Главным принципом питания во время болезни, является употребление полезной пищи богатой витаминами и веществами, необходимыми для восстановления полноценной работы организма. Вредные продукты, содержащие всевозможные красители и химические добавки потребуется исключить. Категорически запрещено употребление спиртного и курение. Используя все указанные выше способы, можно максимально эффективно защитить себя от возникновения и развития рака печени. Следует помнить, что последствия заболевания зависят от стадии болезни. Обращение к врачу на раннем этапе позволяет подобрать более щадящие методы лечения.

Регулярное прохождение профилактического осмотра, обследования и внимательное наблюдение за собой позволяет предотвратить возникновение злокачественной опухоли или выявить заболевание на ранней стадии.

О. ЦЕЧОЕВА, медсестра онкологического кабинета Буландынской районной больницы.